

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Бақылау
данасы
Контрольный
экземпляр

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И
СМЕТАМ

ҒИМАРАТТАРДЫҢ (ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ) ЖӘНЕ
ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНІҢ (КЕШЕНДЕРІНІҢ)
КОНСТРУКТИВТІК ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ СМЕТАЛЫҚ
ҚҰНЫНЫҢ ІРЛЕНДІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІН
ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ
УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СМЕТНОЙ
СТОИМОСТИ КОНСТРУКТИВНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ
ЗДАНИЙ (СООРУЖЕНИЙ) И ВИДОВ (КОМПЛЕКСОВ)
РАБОТ

ҚР ҚНБҚ 8.01-11-2024
НДЦС РК 8.01-11-2024

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики
Казахстан

Астана 2024

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік
нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК
ҚҰЖАТТАР**

**Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ**

**ҒИМАРАТТАРДЫҢ (ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ) ЖӘНЕ ЖҰМЫС
ТҮРЛЕРІНІҢ (КЕШЕНДЕРІНІҢ) КОНСТРУКТИВТІК
ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫНЫҢ
ІРІЛЕНДІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ
УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СМЕТНОЙ СТОИМОСТИ
КОНСТРУКТИВНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ ЗДАНИЙ
(СООРУЖЕНИЙ) И ВИДОВ (КОМПЛЕКСОВ) РАБОТ**

**ҚР ҚНБҚ 8.01-11-2024
НДЦС РК 8.01-11-2024**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан**

Астана 2024

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 12.06.2024 жылғы № 94-нқ бұйрығымен 01.07.2024 жылдан бастап

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (МПС РК)
3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 12.06.2024 года № 94-нқ с 01.07.2024 года

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

Кіріспе.....	IV
1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	1
3 Терминдер мен анықтамалар.....	2
4 КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу тәртібі.....	4
4.1 Жалпы бөлік.....	4
4.2 КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу үшін бастапқы деректер.....	4
4.3 КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу үшін тізбесін жасау.....	5
4.4 КЖТ сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері үшін өкіл объектіні таңдау ..	5
4.5 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің өлшем бірліктерін таңдау.....	5
4.6 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің ресурстық-технологиялық модельдерін қалыптастыру.....	5
4.7 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін есептеу	7
5 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің жинағын қалыптастыру және ресімдеу.....	7
А қосымшасы (<i>міндетті</i>) КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің өлшем бірліктерінің болжалды тізбесі.....	10
Б қосымшасы (<i>міндетті</i>) КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері кестелерінің нысандары	11

Кіріспе

Ғимараттардың (құрылыстардың) конструктивтік элементтерінің және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) ғимараттардың (құрылыстардың) конструктивтік элементтерінің және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеуге жалпы әдістемелік ережелерді белгілейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ

НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҒИМАРАТТАРДЫҢ (ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ) ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНІҢ (КЕШЕНДЕРІНІҢ) КОНСТРУКТИВТІК ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫНЫҢ ІРІЛЕНДІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАЗРАБОТКЕ УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СМЕТНОЙ СТОИМОСТИ КОНСТРУКТИВНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ ЗДАНИЙ (СООРУЖЕНИЙ) И ВИДОВ (КОМПЛЕКСОВ) РАБОТ

Енгізу күні 2024-07-01

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы Ғимараттардың (құрылыстардың) конструктивтік элементтерінің және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар ғимараттардың (құрылыстардың) конструктивтік элементтерінің және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) (бұдан әрі – конструктивтік элементтер, КЖТ), жаңадан іске қосылатын объектілерді бастапқы жарақтандыру үшін қажет етілетін жабдықтардың, жиһаздың және мүкәммалдың (бұдан әрі – ЖММ) сметалық құнының (бұдан әрі – ҚҚІК) ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеудің, келісудің, ресімдеудің, бекітудің жалпы тәртібін және құрамын белгілейді.

1.2 Әдістемелік ұсынымдар құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйымның қолдануына арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Әдістемелік ұсынымдарды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданылуын тоқтату, күшін жою) қағидалары (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 118673 болып тіркелді).

ҚР СТ 1.5-2019 «Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарды жасауға, баяндауға, ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын жалпы талаптар».

МЕМСТ 8.417-2002 «Мемлекетаралық стандарт. Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Шама бірліктері».

МЕМСТ 21.101 «Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасының жүйесі. Жобалау және жұмыс құжаттамасына қойылатын негізгі талаптар (ҚЖҚЖ)».

ҚР ҚЖ 1.01-101-2014 «Құрылыс терминологиясы».

ҚР ҚЖ 1.01-102-2014 «Құрылыс терминологиясы. Құрылыс технологиясы және құрылысты ұйымдастыру».

ҚР ҚЖ 1.01-104-2014 «Құрылыс терминологиясы. Құрылыс конструкциялары. Құрылыс материалдары мен бұйымдары».

ҚР СБНҚ 8.01-08-2022 «Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын айқындау тәртібі».

ҚР СБНҚ 8.01-05-2022 «Құрылыс ресурстарын арналған сметалық бағалардың және құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалардың есебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар».

ҚР СБНҚ 8.04-03 «Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар».

ҚР ЭСН 8.04-01 «Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар».

ҚР ЭСН 8.04-02 «Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар».

ҚР СБЖ 8.04-08 «Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинақтары».

ҚР МПБЖ 8.04-11 «Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы».

ҚР ЕШБЖ 8.04-13 «Құрылыстағы еңбек шығындарына арналған сметалық бағалар жинағы».

ҚР ЖТБЖ 8.04-12 «Құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы».

ҚР СБЖ 8.04-09 «Құрылыс объектілерінің инженерлік жабдықтарына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы».

ВК-001 Құрылыс ресурстарының жіктеуіші.

Халықаралық бірліктер жүйесі (ӨЖ) (Le Système international d'unités (SI)).

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша «Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттардың тізбесі (СҚҚК-5)», «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі» ақпараттық каталогтары және ағымдағы жылы жарияланған мерзімді түрде шығарылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогтары бойынша сілтеме құжаттарының қолданылуын тексеру орынды. Егер сілтеме құжаты ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Әдістемелік ұсынымдарда Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы қолданыстағы заңнамада келтірілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Материалдық ресурстар: Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары.

3.2 Жаңа құрылыс: жаңа объект немесе жаңа өндірістік қуат құру мақсатында жаңа алаңдарда жүзеге асырылатын пайдалануға берілгеннен кейін дербес теңгерімде болатын жеке объектілердің, ғимараттар мен құрылыстардың, жаңадан құрылатын кәсіпорындардың негізгі, қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы объектілер кешенінің, жекелеген өндірістердің құрылысы, таратылатын кәсіпорынның орнына жаңа

аланда қуаты (ғимараттың немесе құрылыстың өнімділігі, өткізу қабілеті, сыйымдылығы) сондай немесе одан да жоғары кәсіпорынның құрылысы.

3.3 Жабдық: Ғимараттардың (құрылыстардың) технологиялық және инженерлік жабдығы.

3.3.1 Технологиялық жабдық: Нәтижесінде энергия өндірілетін, жартылай фабрикат, дайын өнім өндірілетін немесе олардың өткізілуі қамтамасыз етілетін әртүрлі технологиялық процестерді орындайтын технологиялық желілер, станоктар, қондырғылар, аппараттар, машиналар, механизмдер, аспаптар және басқа да құрылғылар, сондай-ақ технологиялық процестерді басқаруды автоматтандыруды қамтамасыз ететін, оларға ілесіп процестер, байланыс және бақылау функциялары; технологиялық процесті жүргізуді және технологиялық жабдықтың жұмысын қамтамасыз ететін санитарлық-техникалық жабдық; негізгі жабдықпен жиынтықта жеткізілетін байлау құбырлары, құбыр арматурасы, металл конструкциялар, ұштары бөлінген кабельдердің өлшемдік учаскелері; қолданысқа енгізілетін кәсіпорындарды, ғимараттар мен кәсіпорындарды пайдалану үшін қажетті құрал-сайманның, технологиялық жарақ пен мүкәмалдың және т.б. бастапқы қоры; өнімді өңдеудің, шығарудың технологиялық процестеріне қызмет көрсету барысында жүктерді өткізу үшін пайдаланылатын өндірістік мақсаттағы кәсіпорындардың көлік шаруашылығының жылжымалы құрамына жататын көлік құралдары (жүктерді темір жолдар арқылы тасымалдауға арналған жылжымалы құрам, автомобиль көлік құралдары және өзге де көлік құралдары); жабдыққа қосалқы бөлшектер.

3.3.2 Үйлердің (ғимараттардың) инженерлік жабдықтары: Адамдардың тұруына (тұрмысына), еңбек қызметіне (болуына) қолайлы жағдай жасайтын, материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен өндірістік процестерді инженерлік қамтамасыз ететін инженерлік жүйелер мен техникалық құрылғылар кешені. Ғимараттардың (құрылыстардың) инженерлік жабдықтары сумен жабдықтау (суық және ыстық), кәріз, жылыту, желдету, ауаны баптау, газбен жабдықтау құрылғыларын, электр жабдықтары, көтергіш-көлік құрылғыларын (лифттер, эскалаторлар, траволаторлар және басқа да жабдықтар), қоқысты шығару, шаң жинау, өрт сөндіру, дабыл беру, телефон, радиофикация құралдарын және ішкі абаттандырудың басқа да түрлерін қамтиды.

3.4 Ұқсас объект: Функциялық мақсаты, техникалық сипаттамалары және басқа да баға белгілеу факторлары бойынша жобаланатын объектіге ұқсас (салыстырмалы) объект.

3.5 Өкіл объект: Ресурстық-технологиялық модельді қалыптастыру және құнның ірілендірілген көрсеткішін айқындау үшін баламалы ұқсас объектілер арасынан таңдалған ұқсас объект.

3.6 Ресурстық-технологиялық модель: өкіл объект бойынша сметалық құжаттаманың деректері негізінде қалыптастырылған еңбек, техникалық және материалдық ресурстардың біріздендірілген жинағы.

3.7 Сметалық құжаттама: Құрылыстың сметалық құнын айқындайтын жоба құрамындағы құжаттама.

3.8 Құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйым: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті органның қарауындағы

және құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеумен, құрылыс саласындағы баға белгілеу және экономика жөніндегі ғылыми зерттеулермен айналысатын заңды тұлға.

3.9 Құрылыс ресурстары: жұмысшылар мен машинистердің еңбек шығындары, құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану уақыты, құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары, жабдықтары.

3.10 Ағымдағы бағалар: құрылыс ресурстарының нақты кезеңге арналған сметалық бағалары.

4 КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу тәртібі

4.1 Жалпы бөлік

4.1.1 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК сәйкес кезеңдегі бағаларда өлшем бірлігіне қарай жаңа құрылыс құнын анықтау үшін әзірленеді.

4.1.2 КЖТ ҚҚІК-де қалыпты жағдайларда жекелеген конструктивтік элементтерді салу (жұмыстарды орындау) кезінде негізгі, қосалқы және ілеспе жұмыстарды орындау үшін барлық шығындар ескеріледі

Ескертпе – Жұмыстың қалыпты жағдайлары – еңбек пен өндірісті ұтымды ұйымдастыруды, техника мен технологияның қазіргі заманғы дамуын, қауіпсіздік талаптарын сақтауды, қоршаған ортаның оң температурасында еңбек және техникалық ресурстарды толық пайдалануды ескере отырып орындалатын, сыртқы факторлармен (биік таулар, қысылтаяндық, газдану және т.б.) күрделенбеген жұмыстарды жүргізу (жұмыстарды орындау, талап етілетін материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды қоймалау және құрылысшылық тасымалдау) жағдайлары.

Құрылыстың күрделі шарттары қысылтаяндық, газдану, құрылысты ұйымдастыру жобасында көзделген ерекше факторлары (биік таулар және т.б.) бар аудандарда, жұмыс істеп тұрған жабдықтың маңайында жұмыс істеу, сондай-ақ басқа да күрделі өндірістік жағдайлар болып табылады.

4.1.3 ЖЖМ ҚҚІК-де үй-жайларды функционалдық мақсатына қарай жабдықпен, жиһазбен және мүкәммалмен бастапқы жарақтандыру үшін барлық шығындар ескеріледі.

4.1.4 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК әзірлеу келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

- КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК әзірлеу үшін бастапқы деректерді дайындау;
- КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК тізбесін жасау;
- КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК өлшем бірліктерін таңдау;
- КЖТ ҚҚІК өкіл объектіні таңдау;
- КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК ресурстық-технологиялық модельдерді қалыптастыру;
- КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК белгілінген өлшеуіш бойынша есептеу.

4.2 КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу үшін бастапқы деректер

4.2.1 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК әзірлеу үшін бастапқы деректерді дайындау жұмыста пайдалану мақсатында:

- Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды;

- сметалық нормативтерді;
- жобалау-сметалық құжаттамаларды;
- ЖЖМ жабдықтау нормаларды қамтиды.

4.2.2 Конструктивтік элементтің әрбір түрі бойынша ұқсас объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасын таңдау жүргізіледі. Ұқсас объектілердің дерекқорын таңдау мемлекеттік құрылыс жобалары дерекқорынан келесі өлшемшарттар бойынша объектілердің конструктивтік шешімдерін талдауға және таңдауға негізделген:

- ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысының болуы;
- жобалық шешімдердің прогрессивтілік деңгейі (шығарылған жылы, қазіргі заманғы конструкциялар мен материалдарды, инновациялық инженерлік шешімдерді қолдану).

4.2.3 Іріктелген объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасының құрамында бастапқы деректерді және жергілікті сметаларды есептеу нәтижелерін ұсынудың әмбебап форматында (KENML форматы) және бір мезгілде PDF форматындағы электрондық құжат түрінде сметалық құжаттама болуға тиіс.

4.2.4 ЖЖМ ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу кезінде ЖЖМ жабдықтау нормаларына сәйкес жиынтықтарды қалыптастыру мақсатында үй-жайлардың тізбесін құру үшін ұқсас объектілердің жобалық-сметалық құжаттамасы талданады.

4.3 КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу үшін тізбесін жасау

4.3.1 КЖТ ҚҚІК тізімі мен классификациясы конструктивтік элементтер мен жұмыстардың түрлері бойынша конструкциялық шешімдердің ықтимал нұсқаларын ескере отырып құрастырылады.

4.3.2 Жаңадан іске қосылатын объектілерді бастапқы жарактандыру үшін қажет етілетін ЖЖМ ҚҚІК тізімі мен классификациясы үй-жайлардың функциялық мақсатына байланысты салалық негізде құрастырылады.

4.3.3 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК-ге топтастыру көрсеткіштерінің иерархиялық реттілігін ескере отырып жеке шифр беріледі.

4.4 КЖТ сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері үшін өкіл объектіні таңдау

4.4.1 Өкіл объектіні таңдау неғұрлым тиімді техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар ұқсас объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын салыстырмалы талдауға негізделген.

4.4.2 Объект ең тән конструктивтік және көлемдік-жобалау шешімдері бойынша таңданады.

4.4.3 Жобалау-сметалық құжаттаманы таңдау кезінде арнайы жұмыс түрлерін (топырақты жасанды бекіту немесе ауыстыру, су деңгейін төмендету, оқшаулаудың күрделі түрлері және т.б.) орындауды қажет ететін ерекше күрделі гидрогеологиялық жағдайларда салынатын объектілердің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттаманы пайдалану ұсынылмайды.

4.4.4 КЖТ ҚҚІК таңдалған өлшем бірлігі үшін есептелген таңдалған объектілер құрылысының сметалық құнын талдау және салыстыру жүргізіледі.

4.4.5 2 және одан да көп таңдалған конструктивтік шешімдер болған кезде құрылыс құнының орташа арифметикалық үлестік көрсеткіші айқындалады. Құрылыс құнының үлестік көрсеткіші орташа арифметикалық көрсеткішке неғұрлым жақын объект өкіл объект ретінде қабылданады.

4.5 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің өлшем бірліктерін таңдау

4.5.1 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК өлшем бірліктерін таңдау конструктивтік элементтердің атауы мен КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК қолданудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып жүргізіледі (Ең көп тараған өлшем бірліктер А қосымшасында келтірілген).

4.6 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің ресурстық-технологиялық модельдерін қалыптастыру

4.6.1 Ресурстық-технологиялық модельдерді қалыптастыру (бұдан әрі – РТМ) КЖТ ҚҚІК.

4.6.1.1 РТМ жұмыстың қабылданған технологиясы бойынша конструктивтік элементті салуға қажетті құрылыс ресурстарының біртұтас жиынтығы болып табылады.

4.6.1.2 КЖТ ҚҚІК әзірлеу үшін пайдаланылатын жергілікті сметалардың қалыптастырылған жиынтығы негізінде РТМ қалыптастырылады.

4.6.1.3 РТМ-ға шығындардың мынадай түрлері сараланып енгізіледі:

- жұмысшылардың еңбек шығындары, адам-сағат;
- құрылыс машиналары мен механизмдері, машина-сағат;
- қабылданған өлшем бірліктеріндегі материалдық ресурстар;
- жүктерді тасымалдау (көлік түрлері және арақашықтық бойынша);
- инженерлік жабдықтар.

4.6.1.4 Өкіл объектінің сметалық құжаттамасында қабылданған баға туралы ақпаратты қолдана отырып, материалдық ресурстар мен жабдықтар олар болған жағдайда құрылыс ресурстарының қолданыстағы сметалық-нормативтік базасынан тиісті ресурстарға ауыстырылады.

Сметалық-нормативтік базада материалдық ресурстар мен жабдықтарға сметалық бағалар болмаған жағдайда бағалар туралы өзекті ақпарат пайдаланылады не өкіл объектінің сметалық құжаттамасында қабылданған олардың құны құрылыс құнын айқындаудың қолданыстағы тәртібіне сәйкес құрылыс үшін құн индексін қолдану арқылы ағымдағы жылдың бағасына келтіріледі.

Қолданыстағы сметалық-нормативтік базада Қазақстан Республикасының қандай да бір өңірі бойынша материалдық ресурсқа баға болмаған жағдайда, онда осы өңір бойынша берілген материалдық ресурсқа Қазақстан Республикасы бойынша орташа баға қабылданады.

4.6.1.5 Неғұрлым үнемді жобалық шешімдерді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын, егер олар өкілдік объектінің жобалық-сметалық құжаттамасында қабылданған техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін болса, ауыстыруға рұқсат етіледі.

4.6.1.6 РТМ құрамына кіретін құрылыс ресурстарының әрбір түрі бойынша жұмысшылардың еңбек шығындары, материалдық ресурстарға арналған шығындар, құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған шығындар бойынша қорытынды көрсеткіштер, жүктерді тасымалдау кезіндегі көлік шығыстары, инженерлік жабдықтар айқындалады.

Егер объектілерді салу кезінде тек белгілі бір аймаққа ғана тән жобалық шешімдер қолданылса, онда ҚҚІК тек осы нақты аймақ үшін әзірленеді (мысалы, Маңғыстау және Атырау облыстарында қабырға материалы ретінде ұлутасты пайдалану).

4.6.1.7 Өкіл объектінің жобасында сейсмикалық аймағы бар өңірлерге тән жобалық шешімдер қолданылған жағдайда КЖТ ҚҚІК сейсмикалық аймақтары бар өңірлер үшін ғана әзірленеді.

Өкіл объектінің жобасында тек жеке алынған өңірге ғана тән, мысалы, Маңғыстау облысында қабырға материалы ретінде ұлутасты қолдану сияқты жобалық шешімдер қолданылған жағдайда, онда КЖТ ҚҚІК тек осы нақты өңір үшін әзірленеді.

4.6.2 Ресурстық-технологиялық модельдерді қалыптастыру ЖЖМ ҚҚІК.

4.6.2.1 РТМ – бекітілген жарактандыру нормаларына сәйкес жаңадан қолданысқа енгізілетін объектілерді бастапқы жарактандыру үшін қажетті технологиялық жабдықтардың біріздендірілген жинағы.

4.6.2.2 Үй-жайларды бастапқы жарактандыру үшін қажетті жабдықтардың, жиһаздар мен мүкәммалдың қалыптастырылған тізбесі негізінде РТМ жасақталады.

4.6.2.3 Үй-жайларды жабдықтармен, жиһаздармен және мүкәммалмен бастапқы жарактандырудың сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіші мынадай санаттар бойынша есептеледі: жиһаздар, оқытудың техникалық құралдары, жабдықтар, оқу-көрнекі құралдар, өзге де шаруашылық мүкәммал.

4.6.2.4 РТМ құрамына кіретін жабдықтардың, жиһаздардың және мүкәммалдың әрбір түрі бойынша үй-жайларды функциялық мақсатына қарай жарақтандыру үшін шығындар бойынша қорытынды көрсеткіштер айқындалады.

4.7 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін есептеу

4.7.1 КЖТ ҚҚІК РТМ бойынша есептелген өкілді объектінің құн көрсеткіштерін құрылымдық элементтің өлшем бірлігіне өкіл объектінің жобасы бойынша сәйкес көлемге бөлу арқылы әзірленеді.

4.7.2 Конструктивтік элементтің сметалық құнын ($K_{\text{КЖТ}}$) формула бойынша есептеледі: (1):

$$K_{\text{КЖТ}} = \frac{K_{\text{ҚМЖ}} + \text{Жаб}}{V} \quad (1)$$

мұндағы $K_{\text{ҚМЖ}}$ - құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны;

Жаб – жабдықтың жалпы сметалық құны;

V - жоба бойынша КЖТ өлшем бірліктеріндегі көлем.

4.7.3 Үй-жайларды жабдықтармен, жиһаздармен және мүкәммалдармен бастапқы жабдықтаудың сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіші формула бойынша есептеледі: (2):

$$K_{\text{ЖЖМ}} = \left(1 + \frac{M}{100}\right) \sum_{i=1}^n K_i \times V_i, \quad (2)$$

мұндағы K_i – жиһаздың, техникалық оқу құралдарының, жабдықтардың теңгедегі сметалық құны;

V_i – жиһаздың, техникалық оқу құралдарының, жабдықтардың саны;

n – жиһаздың, техникалық оқу құралдарының, жабдықтардың аты бойынша саны;

M – пайдалануға берілген өнімнің бастапқы қорына кіретін құралдарға, тауарлық-материалдық құндылықтарға, штамптарға, құрылғыларға, жабдықтарға, қосалқы бөлшектерге, жартылай фабрикаттарды немесе дайын өнімді тасымалдауға арналған арнайы контейнерлерге (бұдан әрі – Мүкәммал) пайыз түріндегі шығындар. Шығындардың нормалары Мүкәммалдың құнының жиһаздың, техникалық оқу құралдарының және жабдықтардың құнына қатынасымен өкілдік объекті бойынша анықталады.

5 КЖТ (ЖЖМ) құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің жинағын қалыптастыру және ресімдеу

5.1 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданылуын тоқтату, күшін жою) қағидаларына сәйкес әзірленеді, келісіледі, бекітіледі және қолданысқа енгізіледі.

5.2 КЖТ ҚҚІК жинағын қалыптастыру және ресімдеу.

5.2.1 КЖТ ҚҚІК конструктивтік элементтер мен жұмыстардың түрлері бойынша жинақтарға біріктіріледі және Қазақстан Республикасының 20 өңірі үшін айқындалады.

5.2.2 КЖТ ҚҚІК жинағы жалпы бөлікті, жинақтың әр бөлімі бойынша техникалық бөлімдерді, конструктивтік элементтің сипаттамасы мен жұмыстардың құрамын, еңбек шығындарының көрсеткіштері бар қосымшаны қамтуы керек. Конструктивтік элементтің

сипаттамасының көлеміне байланысты жұмыстардың ірілендірілген құрамы ҚҚІК жинағына қосымшада немесе жеке кітапта келтірілуі мүмкін.

5.2.3 Жалпы бөлікте жинақтың құрамы және оны қолдану тәртібі туралы мәліметтер келтіріледі, атап айтқанда:

- КЖТ ҚҚІК жинағының мақсаты, қолданылу саласы және тәртібі;
- құнның ірілендірілген көрсеткіштерінде ескерілген және ескерілмеген шығындар туралы мәліметтер;
- КЖТ ҚҚІК пайдалана отырып сметалық құнды айқындау бойынша ұсынымдар;
- өзге де мәліметтер.

5.2.4 Жинақтың бөлімдеріне техникалық бөліктерде бөлімге енгізілген кіші бөлімдердің номенклатурасы туралы мәліметтер, көлемдерді есептеу қағидалары, нормаларда қабылданғандардан ерекшеленетін жағдайларда жұмыстар жүргізуді ескеретін коэффициенттер, сметалық құнды айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтер келтіріледі.

5.2.5 КЖТ ҚҚІК әрбір кестесінде код, көрсеткіштің атауы, өлшем бірлігі, теңгемен көрсетілген конструктивтік элементтердің сметалық құнының ірілендірілген көрсеткішінің мәні көрсетіледі. Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің мәндері бірлікке дейін дөңгелектенеді (Б қосымшасы).

КЖТ атауы мен сипаттамасы негізгі сипаттамалық белгілерді қамтуы керек. Жұмыстар құрамының сипаттамасында негізгі операциялар мен жұмыс түрлерінің тізбесі келтірілуі керек. Шамалы және қосалқы ілеспе операциялар нормаларда айтылмайды, бірақ ескерілуі керек.

5.2.6 КЖТ ҚҚІК жинағында тікелей құрылысты орындауға байланысты шығындарды (объект бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны мен жабдықтар) қамтитын құнның ірілендірілген көрсеткіштері ұсынылуға тиіс

5.2.7 ҚҚІК-де:

- жұмысшылардың еңбек шығындары
оның ішінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу;
- машиналар мен механизмдер
оның ішінде машинистердің еңбегіне ақы төлеу;
- көлік және дайындау-қойма шығыстарын қоса алғанда, құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының;
- жабдыққа арналған шығындар бөліп көрсетілуі қажет.

5.3 ЖЖМ ҚҚІК жинағын қалыптастыру және ресімдеу.

5.3.1 ЖЖМ ҚҚІК әзірленуге жататын сметалық құнның ірілендірілген көрсеткіштерінің барлық номенклатурасы енгізілетін Қазақстан Республикасының барлық өңірлері үшін бірыңғай қалыптастырылды.

5.3.2 ЖЖМ ҚҚІК жинағында функциялық мақсатына байланысты үй-жайларды жабдықтармен, жиһаздармен және мүкәммалмен бастапқы жарақтандырудың сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері ұсынылуға тиіс.

5.3.3 ЖЖМ ҚҚІК жинағында келесі құрылымдық элементтер қамтылуы керек:

Негізгі бет;

Жалпы бөлік, техникалық бөлік (қажет болған жағдайда);

Мазмұны;

Сметалық құнның ірілендірілген көрсеткіштерінің кестелері;

Жинаққа қосымшалар

5.3.4 Жалпы бөлікте жинақтың құрамы және оны қолдану тәртібі туралы мәліметтер келтіріледі:

- ЖЖМ ҚҚІК жинағының мақсаты, қолданылу саласы және тәртібі;
- ЖЖМ ҚҚІК пайдалана отырып сметалық құнды айқындау бойынша ұсынымдар;
- өзге де мәліметтер.

5.3.5 ЖЖМ ҚҚІК кестесінде шифры, атауы, өлшем бірлігі және теңгемен өлшем бірлігі құнының көрсеткіші көрсетіледі (Б қосымшасы).

ЖЖМ жинағына қосымшаларда жабдықтардың, жиһаздардың және мүкәммалдың шифры, атауы және саны, сондай-ақ қысқаша сипаттамасы мен техникалық сипаттамалары көрсетіледі.

5.4 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК жинақтарын жаңарту (өзектендіру) кезінде ресурстық-технологиялық модельге кіретін тиісті жылдың бағасында қолданыстағы нормалардың құндық көрсеткіштеріне талдау, ресурстарды қайта бағалау, ғимараттардың (құрылыстардың) конструктивтік элементтерінің және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) және жаңадан іске қосылатын объектілерді бастапқы жарақтандыру үшін қажет етілетін жабдықтардың, жиһаздың және мүкәммалдың сметалық құнының жаңа ірілендірілген көрсеткіштерімен толықтыру жүргізіледі.

5.5 КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК жинақтары жылына бір рет жасалады.

5.6 Қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган ведомствосының (уәкілетті орган ведомствосының) шешімі бойынша құрылыс ресурстарына сметалық бағалар жинақтарын және құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағаларды әзірлеу және (немесе) КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК жаңарту кезеңділігі өзгертілуі мүмкін.

А қосымшасы
(міндетті)

КЖТ (ЖЖМ) ҚҚІК өлшем бірліктерінің болжалды тізбесі

Атауы	Өлшем бірлігі
Іргетастар	м ² құрылыс салу алаңы
Қаңқалы ғимараттардың конструкциялары	м ² монолитті аражабын ауданы,
Ғимараттардың қоршау конструкциялары	м ² , м ² (ойықтарды шегергенде)
Ғимараттардың ойықтары	м ² /дана
Ғимараттардың баспалдақтары	қабат
Ғимараттардың шатырлары, жаппалары	м ²
Ғимараттардың өзге де конструктивтік элементтері	м ² /дана
Ғимараттардың ішкі әрлеуі	м ²
Ғимараттардың сыртқы әрлеуі	м ²
Сумен жабдықтау жүйелері	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Кәріз жүйелері	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Жылумен жабдықтау жүйелері	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Желдету және ауаны баптау жүйелері	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Газбен жабдықтау жүйелері	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру жүйелері	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Өлсіз тоқты жүйелер	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Ғимараттардың қауіпсіздік жүйелері	м ² ғимарат/ м ² құрылыс
Ғимараттар мен құрылыстарды сыртқы абаттандыру элементтері. Шағын сәулет нысандары.	Жиынтық/ конструкция/ дана/ секция/ м ²
Сыртқы сумен жабдықтау және кәріз желілері	км құбыр/ өткел/ қаптама/ құбыр
Сыртқы жылумен жабдықтау желілері	км трасса/ өткел, км құбыр
Функционалдық ерекшеліктері бойынша үй-жай	жиынтық

Б қосымшасы
(міндетті)

**КЖТ (ЖЖМ) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері кестелерінің
нысандары**

Б.1 КЖТ ҚҚІК жинағы кестесінің нысаны

XXXX-XXXX-XX кесте¹

атауы

Сипаттамасы:

Жұмыстардың құрамы:

Өлшем бірлігі:

Норма шифры	Жұмыс- шылардың еңбек шығынд ары	Жұмысшыл ардың еңбегіне ақы төлеу (жұмысшыл ардың еңбек шығындары ның құрамында)	Машиналар мен механизм дер	Машинистерд ің еңбегіне ақы төлеу (машиналар мен механизмдер құрамында)	Материалдар, бұйымдар және конструкция лар	Жабдықтар	Құн көрсеткіші (2,4,6,7-б. сомасы)	Өңірлер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**Б.1. 1 КЖТ ҚҚІК жинағына Қосымша кестесінің нысаны «Еңбек шығындарының
көрсеткіштері»**

Өлшем бірлігі:

Норма шифры	Жұмысшылардың нормативтік еңбекті қажетсінуі	Машинистердің нормативтік еңбекті қажетсінуі
1	2	3

**Б.1.2 КЖТ ҚҚІК жинағына Қосымша кестесінің нысаны «Жұмыстардың
сипаттамасы мен құрамы»**

Норманың шифры және атауы	Сипаттамасы	Жұмыстардың құрамы
1	2	3

Б.2 ЖЖМ ҚҚІК жинағы кестесінің нысаны

8XXX-XXXX-XX кесте _____
атауы

Шифры	Атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі құнының көрсеткіші, теңге
1	2	3	4

**Б.2.1 ЖЖМ ҚҚІК жинағына Қосымша кестесінің нысаны
«Жабдықтарды, жиһаздарды, мүкәммалды бөлу»**

XXXX-XXXX-XX кесте

Шифры/Атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігінің саны
1	2	3

**Б.2.2 ЖЖМ ҚҚІК жинағына Қосымша кестесінің нысаны
«Жабдықтардың, жиһаздардың және мүкәммалдың қысқаша сипаттамасы және техникалық сипаттамалары»**

Атауы	Қысқаша сипаттамасы және техникалық сипаттамалары
1	2

¹ Сметалық құнның ірілендірілген көрсеткіштерінің құрылымы мынадай:

XXXX-XXXX-XXXX

мұндағы 1-ші белгі – сметалық нормативтің түрі. Ғимараттардың (құрылыстардың) конструктивтік элементтері және жұмыстардың түрлері (кешендері) «8» мәнін қабылдайды,
2-ші белгі – жинақ нөмірі,
3-ші және 4-ші белгілер – бөлік нөмірі,
5-ші және 6-шы белгілер – бөлім нөмірі,
7-ші және 8-ші белгілер – кіші бөлім нөмірі,
9-шы және 10-шы белгілер – топ нөмірі,
11-ші және 12-ші белгілер – норма нөмірі.

Содержание

Введение.....	IV
1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	1
3 Термины и определения	2
4 Порядок разработки укрупненных показателей сметной стоимости КВР (ОМИ).....	4
4.1 Общая часть	4
4.2 Исходные данные для разработки укрупненных показателей сметной стоимости КВР (ОМИ)	4
4.3 Составление перечня для разработки укрупненных показателей сметной стоимости КВР (ОМИ)	5
4.4 Выбор объекта-представителя для укрупненных показателей сметной стоимости КВР	5
4.5 Выбор единиц измерения укрупненных показателей стоимости строительства КВР (ОМИ).....	5
4.6 Формирование ресурсно-технологических моделей укрупненных показателей стоимости строительства КВР (ОМИ)	5
